

БЕУ, ДҮНИЕ

БЕШІМ АТАДАН ҚОНҒАН КИЕ

Жылыойдың тұңғыш өндіріс орны Қосшағыл мұнай кенішінен бастау алған қазіргі Теңіз мұнайы әлемде ерекше екпінмен аталады. Ал Қосшағылдың ортасындағы жер бетіне шығып жатқан мұнайды халық несібесіне жарар деп құйып алып, кен іздеуші маман геологтарға көрсеткен Бешім атаның ісі нағыз ерлікпен тең еді. Бұл күндері атамның ардақты да абыройлы істің бастаушысы болғанын мақтаныш тұтамыз. Еңбекқор, ақылды болмысының, көкірек көзі ояулығының арқасында атамның тарихта мәңгі өшпес ісін, ескірес есімін қалдырды.

Бешім атамның Мұхан, Ердаулет, Бердаулет, Төрмұрат, Нарымбай, Мизам есімді ұлдары болған. Олардың бәрі де мұнай саласында аянбай еңбек етті. Ағаларым Төрмұрат, Нарымбай Ұлы Отан соғысына аттанып, екеуі де қайтып оралмады. Әжем Кенжеш Ердаулет папамыздың жұбайы, ақылды, иман жүзді, пысық, еңбекқор, өнерлі жан еді. Соғысқа кеткен ағаларымды жоқтап, әнге қосып отыратын. Жүрегі рақымдылық пен мейірімділікке толы өзеннің әнін естігенде майданға кеткен ағаларым аман-есен оралатындай сезілетін. Көкем Мұқан, анам Жонай, папам Ердаулет

пен кіші папамыз Бердаулеттен жастай айырылып қалдық. Бар ауыртпалық әжем мен ағаларыма түсті.

Сол бір қиын-қыстау кезеңдерде мен мектепте оқитынмын. Мизам ағамыз механизатор болып еңбек етті. Төтем Құлбарақ жас кезінде аурушаң болды, ауыр жұмысқа жарамағасын есепшілік жұмыста жасады. Жастай қарапайым жұмысшы болып тер төккен мәрт мінезді Наурызғали аға 1953 жылы Мәскеудің Губкин атындағы мұнай институтына оқуға түсті. Әжем бізді қиындықтарды жеңе білуге, ақылды болуға, имандылыққа, мейірімділікке,



еңбекке тәрбиеледі. Жақсыдан үлгі алуға, жаманнан аулақ болуға, білімді болуға талпындырды. Бәріміз Наурызғали ағаның оқуын бітіріп келуін асыға күттік. Ауылға каникулға келгенде ол бізге жақсы әсер қалдыратын. Оның ақылдылық, рақымдылық, әділеттілік қасиеттері бізді баурап алатын. Шахмат, шашка ойнауды да үйретті ол бізге. 1958 жылы жоғары оқу орнын аяқтап, ауылға келген ол еңбек жолын Қосшағылдан бастады. Осында мұнай өндіру учаскесінің шебері, өндірістік-техникалық бөлім бастығы, кейін яғни

1964 жылы жаңадан ашылған «Прорва» кәсіпшілігінің бастығы болып еңбек етті.

Әжем екі ұлын аяқтандырып, еншілерін беріп, бөлек шығарды. Наурызғали аға 1963 жылы жүрек қалауымен Қалыш есімді аруға үйленіп, отау құрды. Қалыш жеңгем бізге, ағайын-тумаға қайырымды болды. Жеңгеміз салмақты мінезімен, төзімді ұстамдылығымен отбасының ұйытқысы, берекесі, мейірім-шапағат көзі бола білді. Осылайша жеңгеміз Накеңмен жаны жарасып, тату-тәтті күн кешті. Ағайынға ибалы, қадірлі келін атанда, ұрпақ жалғастырды. Мұның бәрі бізге өшпес өнеге болды.

Әжемнің ауырғанын естіп, Алматыдағы оқуымнан академиялық демалыс алып, ауылға келдім. Әжем қолымнан келгенінше көмек жасадым. Алайда ол кісі сол ауырғаннан оңалмай, өмірден өтті. Бұл 1964 жыл болатын. Әжемнің кеткені жанымға қатты батты, қаделерін өткізісіп, оқуымды жалғастыруға Алматыға аттандым.

Жұмыстың қай саласы болмасын, өзіндік қиындығы болады ғой, соның ішінде мұнай саласында жұмыс

жасау үлкен ізденісті қажет ететін сөзсіз. Наурызғали аға «Құлсарымұнайгаз» басқармасының бас инженері, ұңғыларды күрделі жөндеу конторының директоры, «Жайық мұнайгаз» басқармасының директоры, «Ембімұнай» өндірістік бірлестігі директорының орынбасары, Мақат аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып қызмет жасады. Ол жұмыс жасаған жерлердің бәрінде белгіленген жоспармен жоғары органдардың тапсырмалары орындалмай қалған кезі жоқ. Кейін еңбегі еленіп, «Құрмет белгісі» орденімен марапатталды. Лениннің туғанына 100 жыл толуына байланысты медальмен, бірнеше рет Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Басшылық жұмыстарда жүрген кезінде де кішіпейіл, адамгершілік қасиетімен көріне білген аға өзінің маңдай терімен халықтан алғыс алып, ата жолын абыроймен жалғап, еңбегі жанып, халқына қалаулы, бүкіл Атырау өңіріне танымал азамат болды. Ағамыздың бұл асыл қасиеттері маған мұнай тапқан Бешім атамнан мирас болып қонған ерекше киедей көрінеді.

Наурызғали ағамыз өзінің ғұмырын Атырау өңірінің дамуына арнап, мұнай саласында, қоғамдық қызметте жемісті еңбек етті. Ол Жылыой ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуына

елеулі үлес қосып, іскерлік, жауапкершілік, адамгершілік қасиеттері арқылы ел құрметіне бөленді, еңбек ардагері атанды. Жылыой, Мақат аудандарының Құрметті азаматы болды. Оның еңбек ізі осы Исатай ауданының өндірісті ортасында да қалды.

Ағамыздың еңбек жолын ұрпақтары жалғастыруда. Қара шаңырағымыздың даңқын шығарып, мерейін үстем қылған Наурызғалидай туған ағамның болғанына, оның асыл жары, жаны күн нұрындай шуақ төккен Қалыш жеңгемнің барына шексіз қуанамын. Соңғы жылдары ағамыз ауырып қалғанда да жеңгем Қалыш жанына демеу болды. Уақытымен дәрі-дәрмегін беріп, күні-түні күтті. Балаары да бар қаққорлықтарын жасады. Алайда «жазмыштан озмыш жоқ», өмірде өзіндік қолтаңбасы бар ардақты ағаның, танымал тұлғаның өмірден өтуі отбасы үшін, бауырлары — біз үшін, ағайын-тума үшін де орны толмас қайғы болды. Одан бері де арада жүз күн өтті...

Осы бір естеліктерді жаза отырып, «Еліңізге сіңірген еңбегіңіз кейінгі ұрпаққа үлгі. Сіздің бейнеңіз жадымызда мәңгі сақталады, Наурызғали аға!» деп толғандым іштей. Топырағыңыз торқа болғай.

Маруся БЕШІМОВА,
қарындасы,
ардагер ұстаз.
Аққыстау ауылы



НАЗАРҒА!

«МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ» ҰЛТТЫҚ КОНКУРСЫ ТУРАЛЫ ЖАРИЯ ХАБАРЛАНДЫРУ

Атырау облысының әкімдігі «Мерейлі отбасы — 2026» ұлттық байқауының бірінші кезеңіне қалалық және аудандық деңгейде құжаттар қабылдау басталғанын хабарлайды.

Қазақстан Президентінің 2013 жылғы 6 желтоқсандағы №250 өкіміне сәйкес Қазақстанда жыл сайын «Мерейлі отбасы» Ұлттық конкурсы өткізіледі.

Конкурстың мақсаты - өнегелі құндылықтарды жаңғырту, балаларды тәрбиелеуде ата-ананың жауапкершілігін арттыру, отбасы құндылықтарын кеңінен насихаттау, қазақстандық отбасының жағымды имиджін үгіттеу болып табылады.

Конкурс ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 5 наурыздағы №181 қаулысымен бекітілген «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсын өткізу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Қағидада көрсетілген нысан бойынша конкурсқа қатысуға өтінім аудандық (қалалық) комиссияға конкурсқа басталғаны туралы көшілікке жарияланған күннен бастап бір ай ішінде қағаз немесе электрондық нұсқада мынадай құжаттармен қоса беріледі:

- 1) ата-аналардың (қорғаншылардың, қамқоршылардың) жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері, балалардың туу туралы куәліктерінің көшірмелері;
- 2) асырап алушы (қорғаншы) отбасылар үшін — жергілікті уәкілетті органның көмелетке толмаған балаға қорғаншылықты (қамқоршылықты) белгілеу туралы шешімінің үзінді көшірме;
- 3) неке қию туралы куәліктің көшірмесі;
- 4) ата-аналарының біреуі қайтыс болған жағдайда қайтыс болу туралы куәліктің көшірмесі (бар болса);
- 5) балаларды тәрбиелегені үшін мадақтаулардың, белгілі бір жетістіктері үшін алған мадақтаулардың бар екенін куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

6) заңды және (немесе) жеке тұлғалардың ұсыным хаттары (кемінде екеу);

7) отбасы мүшелерінің еңбектегі, спорттағы, шығармашылық, зияткерлік, ғылыми жоғары жетістіктерін куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

8) қоғамдық пайдалы қызметке (волонтерлік, қайырымдылық, меценаттық, тәлімгерлік) (бар болса) қатысуды растайтын құжаттардың көшірмелері

Конкурсқа қатысуға өтінім беру үшін құжаттар түпнұсқамен тапсырылуы қажет. Конкурсқа қызметі Қазақстан Республикасының аумағында тыйым салынған ұйымдардың құрамына кіретін (кірген) мүшелері бар және бұрын сотталған мүшелері бар отбасылар конкурсқа қатыса алмайды.

Конкурсқа қатысу үшін өтінім мен құжаттар Атырау қаласы және аудандар әкімдіктерінің Ішкі саясат бөлімдерінде қабылданады. 2026 жылғы 15 мамырдан бастап 2026 жылғы 15 маусымға дейін Қағидалардың қосымшасына сәйкес нысан бойынша конкурсқа қатысуға өтінімдерді аудандық (қалалық) комиссияға қағаз немесе электрондық нұсқада қабылдауды жүргізу.

Қабылдаудың соңғы күні — 2026 жылғы 14 маусым. Аудандық (қалалық) комиссиялардың өтінімдерді 15 маусым - 29 маусым аралығында өтінімдерді қарап, облыстық екінші кезеңге өтінім жолдайды.

Облыстық комиссия 1 шілде — 15 шілде аралығы қалалық және аудандық комиссиялардан өтінімдерді қарап, үшінші кезеңге Республикалық комитетке жолдайды.

Атырау облысының әкімдігі «Мерейлі отбасы — 2026» ұлттық байқауының бірінші кезеңіне қалалық және аудандық деңгейде құжаттар қабылдау басталғанын хабарлайды. Өтініштер мен құжаттар 2026 жылғы 15 мамыр мен 15 маусым аралығында Атырау қаласы және аудан әкімдіктерінің ішкі саясат бөлімдерінде қабылданады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«EcoVision» ЖШС Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 73-бабына сәйкес хабарлайды: 2026 жылғы 10 маусымда сағат 11:00-де Атырау облысы, Исатай ауданы, Қамысқала ауылы, Хамит Ергалиев ауылы, Ахмет Жұбанов көшесі, 16 үй, «Исатай ауданы Қамысқала ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ ғимаратында «Мұнай және мұнай қалдықтарын, мұнай шламдарын өңдеу жөніндегі кешен, Махамбет ауданы, Атырау облысы» жұмыс жобасына БҚТМ әсерлер туралы есеп бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өтетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» сайтынан (www.ndbecology.gov.kz), сондай-ақ <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru> сайтынан танысуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» сайтында (www.ndbecology.gov.kz) қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» сайтында (www.ndbecology.gov.kz) және <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru> сайтында ұсынылатын болады.

Онлайн қосылуларға сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/9318401523?pwd=UE04R1BkCFRiSlhWSE5UQ2xDOFZUUT09>

Идентификатор конференция: 931 840 1523

Пароль: 7wtUKe

Қосымша ақпаратты келесі мекен-жай бойынша алуға болады: Атырау облысы, Исатай ауданы, Қамысқала ауылы, Хамит Ергалиев ауылы, Ахмет Жұбанов көшесі, 16 үй, «Исатай ауданы Қамысқала ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ.

Жоспарланып отырған қызметтің операторы: «EcoVision» ЖШС, БСН: 240840009136, Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ. Алматы ауданы Райымбек даңғылы 212а к. 3 үй.

Жобаны әзірлеуші: «E.A. Group Kazakhstan» ЖШС, ЖСН: 190540023876. Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, О.Көшевой көшесі 113, ҚҚ. 50.

Телефон: +7 705 478 0043.

ТОО «EcoVision» в соответствии с требованиями статьи 73 Экологического кодекса РК, сообщает, что в 11 часов 00 мин. 10 июня 2026 года по адресу: Атырауская область, Исатайский район, с.о. Камысқала, с. Хамита Ергалиева, улица Ахмет Жубанов, дом 16, здание ГУ «Аппарат акима Камысқалинского сельского округа Исатайского района», по материалу Отчет о возможных воздействиях в рабочем объеме проекту «Комплекс по переработке нефти и нефтеотходов, нефтешламов, Махамбетский район, Атырауская область» состоятся общественные слушания в форме открытого собрания.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте «Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов» (www.ndbecology.gov.kz), а также на сайте <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru>.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на сайте «Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов» (www.ndbecology.gov.kz).

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Активная ссылка будет предоставлена на сайте «Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов» (www.ndbecology.gov.kz) и на сайте <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru>.

Ссылка на онлайн подключения: <https://us04web.zoom.us/j/9318401523?pwd=UE04R1BkCFRiSlhWSE5UQ2xDOFZUUT09>

Идентификатор конференции: 931 840 1523

Пароль: 7wtUKe

Дополнительную информацию можно получить по адресу: Атырауская область, Исатайский район, с.о. Камысқала, с. Хамита Ергалиева, улица Ахмет Жубанов, дом 16, ГУ «Аппарат акима Камысқалинского сельского округа Исатайского района»

Оператор намечаемой деятельности: ТОО «EcoVision», БИН: 240840009136, Республика Казахстан, г. Алматы Алмалинский район Проспект Райымбека дом 212а к. 3.

Разрабочник проекта: ТОО «E.A. Group Kazakhstan», БИН: 190540023876. Адрес: Республика Казахстан, г. Ақтөбе, район Астана, ул. О. Көшевой 113, оф. 50, Тел: +7 705 478 00 43.

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА



ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ / ПЕНСИОННЫЙ ФОНД

ДЕЛДАЛДАРҒА СЕНУ — АСА ҚАУІПТІ!

Әлеуметтік желілерде және онлайн-хабарландыру платформаларында ең төменгі жеткіліктілік шегінен (ТЖШ) асатын зейнетақы жинақтарын кез келген азаматқа алып беруге делдалдық қызмет көрсетеміз деген ұсыныстар әлі де кеңінен таралауда. Мұндай қызметтер үшін алаяқтар алуды ала төлем жасауды талап етеді, оны олар көрсетілген қызметтің ақысы ретінде негізсіз сұрайды. БЖЗҚ тағы да ескертеді: біржолғы зейнетақы төлемдері делдалсыз және комиссиясыз жүргізіледі. Күмәнді схемаларға қатысуға келісу арқылы сіз тек қаражатыңыздан айырылып қана қоймайсыз, сонымен қатар жеке деректеріңіздің қауіпсіздігіне де қатер төндіресіз.

Сондай-ақ зейнетақы жинақтарын ҚР Әлеуметтік кодексіне көзделген жағдайларда ғана алуға болатынын ескертеміз. Ең алдымен, ол - зейнет жасы, мерзімсіз уақытқа 1 немесе 2 топ мүгедектігінің белгіленуі, ҚР аумағынан тыс ТТЖ кету, мұрагерлік. Зейнетақы жинағының бір бөлігін тұрғын үй жағдайын жақсарту және/немесе емделу ақысын төлеу мақсатына заңмен бекітілген талаптарды орындаған жағдайда, мына санаттағы азаматтар құқылы:

- ең төменгі жеткіліктілік шегінен асатын жинағы бар салымшылар (ең төменгі жеткіліктілік шегінен асатын сома мөлшерінде);
- зейнетақысы жоғалтқан табысының (бұрын алынған жалақысының) кемінде 40% құрайтын зейнеткерлер — олар шотта қалған жинағының 50% дейін пайдалана алады;
- еңбек сіңірген жылдары бойынша зейнеткерлер (жинағының 100% дейін);
- зейнетақы аннуитетті шартын жасасқан салымшылар (жинағының 100% дейін).

Зейнетақы жинақтарын тұрғын үйге немесе емделуге мақсатты пайдалану тек уәкілетті операторлар — екінші деңгейдегі банктер арқылы ғана мүмкін. Тиісінше, делдалдық қызметтер қажет емес. Бұл ретте БЖЗҚ ешқандай ақы алмайды.

Күмәнді әрекетке қатысуға келісе отырып, сіз ақшаңызды жоғалту қаупін тудырып қана қоймай, болашақта басқа алаяқтық әрекеттер үшін пайдаланылуы мүмкін жеке деректеріңіздің сақталуына да қауіп төндіресіз.

БЖЗҚ өз салымшылары мен алушыларына мұндай ұсыныстарды елемуге, тек ресми көздерден ақпарат алуға және құқықтық тұрғыдан қорғалған салада ғана әрекет етуге қатаң кеңес береді.

Барлық сауалдарыңызға жауап алып, өз зейнетақы жинағыңызды мақсатты пайдалану мен аударуға қатысты ақпараттың дұрыстығын БЖЗҚ бөлімшелерінде де, қысқартып да:

enpf.kz сайты, БЖЗҚ/ЕНПФ ұялы қосымшасы арқылы, байланыс орталығының 1418 нөміріне қоңырау шалу жолымен көп арналы тегін байланыс немесе +7 777 000 1418 нөмірі бойынша WhatsApp арқылы,

БЖЗҚ-ның Одноклассники, Telegram, Facebook, Вконтакте, X және Instagram сияқты танымал платформаардағы әлеуметтік желілердегі ресми парақшалары арқылы да тексеріңіз.